

## «ЕСЖ клиринг орталығы» ЖШС

### қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімімен БЕКІТІЛГЕН,

2010 жылғы «17» қарашадағы № 4 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2011 жылғы 28 сәуірдегі № 5 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2011 жылғы 18 шілдедегі №6 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2012 жылғы 15 маусымдағы №13 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2012 жылғы 07 қыркүйектегі №14 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2012 жылғы 05 қазандағы №15 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2013 жылғы 25 маусымдағы №19 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2013 жылғы 27 желтоқсандағы №20 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2014 жылғы 17 наурыздағы №22 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2014 жылғы 19 тамыздағы №23 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2014 жылғы 29 қыркүйектегі №24 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2015 жылғы 18 наурыздағы №25 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2015 жылғы 30 сәуірдегі №26 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2016 жылғы 16 ақпандағы №30 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2016 жылғы 23 қыркүйектегі №32 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2017 жылғы 11 шілдедегі №41 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2019 жылғы 29 қаңтардағы №54 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2019 жылғы 04 қазандағы №64 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2021 жылғы 18 қарашадағы №84 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2022 жылғы 19 қыркүйектегі №92 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2024 жылғы 08 қарашадағы №122 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2025 жылғы 16 сәуірдегі № 8 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2025 жылғы 23 маусымдағы № 15 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2025 жылғы 03 желтоқсандағы № 28 хаттама өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
2026 жылғы 03 маусымдағы № 50 хаттама

**«ЕСЖ клиринг орталығы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
КЛИРИНГ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Алматы қ.**

## I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы «ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Клиринг қағидалары (бұдан әрі – Клиринг қағидалары) ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі – Клиринг орталық) оның Клиринг қатысушыларымен, Биржамен, Есеп айырысу ұйымдарымен өзара әрекеттесу тәртібін қоса алғанда, Тауарлармен мәмілелерді клирингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

### 1-бап. Анықтамалар

<b>Биржа -</b>	Клирингтік орталық онымен клирингті жүзеге асыру кезінде өзара әрекеттесу тәртібі туралы шарт жасасқан «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамы
<b>Кепілдікті қорға жарна -</b>	<b>тауар биржасының клирингтік орталығымен биржада жасасқан мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жарналар есебінен тауар биржасының клирингтік орталығымен қалыптастырылатын Кепілдікті қорға Биржа мүшелерімен енгізілген қаражат</b>
<b>Заңнама -</b>	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, оған Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамалық актілер, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері кіреді.
<b>Клиент -</b>	Тауармен мәмілелер оның есебінен орындалатын тұлға
<b>Клирингтік сессия -</b>	Клирингтік орталық ол кезде өзара міндеттемелердің айқындауын (Тауармен мәмілелер бойынша ақпаратты жинау, салыстырып тексеру, түзету), оларды есепке жатқызуды және олар бойынша есеп айырысуды жүргізетін Жұмыс күнінің бөлігі (уақыт кезеңі)
<b>Сауда шотының коды -</b>	Клирингтік орталықпен Клиринг қатысушысының (клиенттің) сауда шотына берілетін, кіші латын әріптерден және цифрлардан тұратын символдар жиыны

<b>Жұмыс күні -</b>	демалыс немесе мереке күнінен басқа, Алматы қаласындағы екінші деңгейлі банктер жұмыс істейтін күн.
<b>Есеп айырысу ұйымы -</b>	Клирингті жүзеге асыру кезінде Клирингтік орталықпен онымен өзара әрекеттесу тәртібі туралы шарттар жасасқан, екінші деңгейлі банк немесе банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйым
<b>Мәмілелер тізілімі -</b>	Биржамен Клирингтік орталыққа берілетін Тауармен мәмілелер және Клирингке арналған тапсырмалар туралы ақпарат
<b>Тауармен мәміле -</b>	Қамтамасыз ету бар мәміле немесе Кейінге қалтырылған орындау бар мәміле немесе Кері өтеуін төлеп алу шарты бар мәміле немесе Клирингтік орталықтың қатысуымен төлем бар мәміле
<b>Клиринг орталығының қатысуымен төленетін мәміле - Кепілдікті қор –</b>	Клирингтік орталықтың банктік шотын пайдалана отырып Тауарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды көздейтін тауарды сатып алу-сату мәмілесі биржада жасасқан мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржа мүшелерінің жарнасы есебінен тауар биржасының клиринг орталығымен қалыптастырылатын ақша қоры
<b>Сауда шоты -</b>	Клиринг орталықтың және клиринг қатысушысының (клиенттің) міндеттері есепке алынатын есептің клирингтік тіркелімдері бөлімдерінен тұратын, сауда және/немесе клирингтік есепке алу мақсатында Клиринг қатысушысына (клиентке) ашылатын шот
<b>Уәкілетті орган -</b>	сауда қызметі саласында мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (егер Заңнамада көзделген жағдайда)
<b>Клиринг қатысушысы -</b>	Клиринг орталықпен клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт жасасқан тұлға
<b>Биржалық қамтамасыз ету -</b>	биржалық сауда қатысушыларымен жасалатын биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде биржалық сауда-саттықтарға қатысу үшін Клирингтік

**Биржалық сауда  
қағидалары -**

орталыққа қайтарымды негізде енгізілетін ақшалай қамтамасыз ету  
ҚР «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 04 мамырдағы Заңының 4-бабының және 10-бабының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органмен бекітілген Биржалық сауда қағидалары.

Өзге терминдер Клиринг қағидаларымен Заңнамада, оның ішінде Биржалық сауда қағидаларында, «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның Биржалық сауда қағидаларын іске асыру бойынша Регламентімен, Биржаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен, ерекшеліктерімен айқындалған мәндерде пайдаланылады.

Клиринг қағидалары осы Клиринг қағидаларына сілтеме жасайтын шарттардың ажыратылмас бөлігі болып табылады. Клиринг қағидаларына барлық қосымшалар олардың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**2-бап. Клирингтік орталыққа шарттарды жасасқан кезде ұсынылатын құжаттар**

2.1. Клирингтік орталық Есеп айырыс ұйымымен, Биржамен шартты көрсетілген заңды тұлғалармен Клирингтік орталыққа келесі құжаттарды ұсынылған жағдайда жасасады:

- а) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының нотариаттық түрде куәландырылған көшірмелері (уәкілетті мемлекеттік органды тіркеу туралы белгісі бар Жарғы және, бар болған жағдайда, құрылтай шарты) (шарт жасасқан күнге қолданылатын толықтырулар мен өзгерістерді қоса алғанда), әділет органдарымен заңды тұлғаны тіркеу туралы белгімен;
- б) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама;
- в) *алынып тасталды;*
- г) қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша есепке қою туралы мәліметтер немесе куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- д) заңды тұлға атынан сенімхатсыз әрекет ететін тұлғаны сайлауды (тағайындауды) растайтын құжаттың нотариаттық түрде куәландырылған көшірмелері, немесе заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмелері;
- е) заңды тұлғаның қолдарының және мөрінің баспа-таңбасының үлгілері бар карточканың нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесі;

- ж) заңды тұлғаның атынан қол қою құқығы бар тұлғаларға арналған сенімхаттар (қажет болған жағдайда);
- з) заңды тұлғаның уәкілетті жұмыскерлерімен қол қойылған және оның мөрімен куәландырылған, заңды тұлғаның соңғы есепті күнге қаржылық есептілігі және оған Заңнамада белгіленген қосымшалар.

2.2. Клирингті жүзеге асыру кезінде Клирингтік орталықпен шарт жасасу үшін Есеп айырысу ұйымы, осы баптың 2.1.-тармағында келтірілген құжаттардан басқа, Клирингтік орталыққа банктік операцияларды жүзеге асыруға арналған лицензияның нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесін ұсынады.

2.3. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚІ туралы Заң), Клирингтік орталық мыналарға уәкілетті:

- заңды тұлғаға іскерлік қатынастарды орнатудан бас тартуға;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартуға және тоқтата тұруға;
- клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды оқшулауға;
- уәкілетті және құзыретті органдарға КЖ/ТҚҚІ туралы заңнамада белгіленген жағдайларда күдікті операциялар туралы ақпараттандыруға, аталған заңнама шеңберінде Клиринг орталықтың ішкі рәсімдерін қоса алғанда.

КЖ/ТҚҚІ туралы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, тоқтату, сондай-ақ іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату Клиринг орталықтың тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

2.4. Биржа және Клиринг орталықпен жасалған клирингтік қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес Биржа клирингтік орталықтың тарифтеріне сәйкес биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету қызметтерінің құнын төлейді (клиринг қағидаларына №10 қосымша).

### **3-бап. Клиринг қатысушыларын тіркеу**

3.1. Тіркеу кезінде Клирингтік орталық Клиринг қатысушысына код береді және бұл туралы Клиринг қатысушысына хабарлайды.

3.2. Өзара әрекеттесу процесінде алмасатын ақпаратта Клирингтік орталық және Биржа Сауда-саттыққа қатысушының кодын немесе Клиринг қатысушысының кодын пайдалана алады.

3.3. Биржа Сауда-саттыққа қатысушы бойынша Клирингтік орталыққа келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Клиринг қатысушысының Сауалнамасы (Клиринг қағидаларына № 1 Қосымшада көзделген А01 нысаны бойынша);
- 2) «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның және оған қызмет көрсететін клирингтік ұйым «ЕСЖ клирингтік орталығы» ЖШС-тың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында, Ішкі бақылау қағидаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау мақсатында өзге де ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес көзделген құжаттар.
- 3) Клиринг қатысушысының бұрын берілген сауалнамасында бар мәліметтер өзгерген жағдайда, Биржа Клиринг қатысушысының жаңадан толтырылған Сауалнамасын осындай өзгерістер туындаған соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.
- 4) Клиринг қатысушысының Сауалнамасында бар Клирингтік орталықпен клирингті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын мәліметтер өзгерген жағдайда, Клирингтік орталық онымен қайтадан толтырылған Сауалнама ұсынылғанға дейін аталған Клиринг қатысушысына клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыруды тоқтата тұруға құқылы.
- 5) Клиринг қатысушысы Клиринг қағидаларының талаптарына сәйкес Биржаға Клирингтік орталыққа кейінгі ұсыну үшін ақпаратты (құжатты) ұсынбаумен немесе уақтылы ұсынбаумен тудырылған теріс салдардың тәуекелін көтереді.
- 6) Клирингтік орталық мынадай жағдайларда келтірілген залалдар үшін жауаптылықта болмайды:
  - осы баптың талаптарына сәйкес ұсынылған құжаттарда толық емес немесе сенімсіз ақпараттың болуы;
  - осы баптың 3.2-бабының талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынбау.

3.4. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында сәйкес (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚІ туралы Заң), Клиринг орталық мыналарға уәкілетті:

- Клиринг қатысушысының ақшасымен және (немесе) өзге де мүлкімен операцияларды жүргізуден бас тартуға және тоқтата тұруға;
- Клиринг қатысушысының ақшасымен және (немесе) өзге де мүлкімен операцияларды оқшаулауға;
- аталған заңнама шеңберінде клирингтің ішкі рәсімдерін қоса алғанда, КЖ/ТҚҚІ туралы заңнамада белгіленген жағдайларда, уәкілетті және құзыретті органдарға күдікті операциялар туралы ақпараттандыруға.

КЖ/ТҚҚІ туралы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, тоқтата тұру, сондай-ақ іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін Клирингтік орталықтың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

### **3-1-бап. Клиринг қатысушыларының клиенттерін тіркеу**

3-1.1. Клиринг қатысушысының клиентін (бұдан әрі - клиент) тіркеу Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына және Клиринг қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

3-1.2. Клиентті тіркеу электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3-1.3. Өзінің клиентін тіркеу үшін Клиринг қатысушысы Биржаға Клирингтік орталыққа кейінгі беру үшін, Клиринг қағидаларына № 1 қосымшаға сәйкес С01 нысаны бойынша өтінішті және клиентпен толтырылған А01 Сауалнамасын береді.

### **4-бап. Құпиялылық**

4.1. Клиринг орталық келесі ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті:

Клиринг қатысушыларын (клиенттерді) клирингтік есепке алу тіркелімдерінде есепке алынатын ақша қаражаттары сомалары және өзге міндеттемелері, оның ішінде Клиринг қатысушыларының (клиенттердің) берешегі туралы;

Клиринг қатысушысымен Клирингтік орталыққа немесе Есеп айырысу ұйымына берілген тапсырмалар және өзге құжаттар туралы;

Клирингтік орталықпен Клиринг қатысушысының есепке алынатын міндеттемелері және Клирингтік орталықтың Клиринг қатысушылары алдындағы міндеттемелері;

Тарапы Клиринг қатысушысы болып табылатын Мерзімді келісімшарттар Тауарларымен мәмілелер туралы.

4.1.1. Клиринг орталық осы баптың 4.1.-тармағында көрсетілген, Клиринг қатысушысына (клиентке) тікелей тармақта оның жазбаға сұрау салуы негізінде көрсетілген Клиринг қатысушысы (клиенті) туралы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді. Аталған ақпаратты ұсыну мерзімі сұрау салу алынған сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайды.

4.2. Клиринг орталық осы бапта көрсетілген ақпаратты олардың жазбаша сұрау салулары негізінде қызметтік және коммерциялық құпияны алуға Заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға ашады.

**II БӨЛІМ. МЕРЗІМДІ КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША КЛИРИНГТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ *алынып тасталды (ЕСЖ КО ЖҚ 23.06.2025 ж. №15 шешіміне сәйкес).***

**III БӨЛІМ. ТАУАРҒА (АСТЫҚҚА) АҚЫ ТӨЛЕУ/БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ *алынып тасталды (ЕСЖ КО ЖҚ 23.06.2025 ж. №15 шешіміне сәйкес).***

## **IV- БӨЛІМ. БИРЖАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕРГЕ КЛИРИНГТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

**IV-I Кіші бөлім Стандартты аукцион режимінде жасалатын биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету алынып тасталды (ЕСЖ КО ЖҚ-ның 23.06.2025 ж. №15 шешіміне сәйкес).**

## **IV-II КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ КЕЗІНДЕ ТӨЛЕММЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР**

### **43-бап. Жалпы ережелер**

43.1. Егер Клиринг қағидаларында және «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның Биржалық сауда қағидаларын іске асыру жөніндегі Регламентінде өзгеше көзделмесе, Сауда-саттыққа қатысушылар биржалық мәмілені жасасқан кезде аталған мәміленің Клирингтік орталықтың қатысуымен төлем бар мәміле (бұдан әрі осы ішкі бөлімнің мәтіні бойынша – Мәміле) болып табылады деп уағдаласуы мүмкін

43.2. Мәмілені жасасу күні аталған мәміле бойынша әрбір контрагент сағат 17:00-ге дейін Клирингтік орталыққа келесі ақпарат бар хабарламаны жібереді:

- Мәміленің коды;
- Сауда-саттыққа қатысушы коды;
- Оның тапсырмасы бойынша мәміле жасалған клиенттің коды;
- Сауда-саттыққа қатысушы – мәміле бойынша контрагент коды;
- Тауар коды және оның атауы;
- Тауар бірлігі үшін баға және мәміле валютасы;
- мәміле көлемі (Тауардың өлшем бірліктерімен);
- мәміле валютасындағы мәміле көлемі. ҚҚС сомасы жеке көрсетіледі немесе ҚҚС-тың жоқтығын көрсету;
- жеткізу түрі;
- Тауарды жеткізу мерзімдері
- Тауарды төлеу Клирингтік орталықтың есеп айырысу шотына алдын ала төлем жолымен жүзеге асырылатынын көрсету.

43.3. Мәміленің валютасы теңге немесе ҚР валюталық заңнамада көзделген жағдайларда Клирингтік орталықта оған банктік шот (экспорттық-импорттық мәмілелер үшін) ашылған шетел валютасы болып табылады. Егер соңғысы Қазақстан

Республикасының валюталық заңнамасымен рұқсат етілсе, Тауарды төлеу Клирингтік орталық теңгемен немесе шетел валютасымен жүргізеді.

43.4. Мәміле жасасқан сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сауда-саттыққа қатысушылар қағаз тасығышта шарт (бұдан әрі осы ішкі бөлім бойынша - шарт) рәсімдейді. Шартта, Мәміленің өзге талаптарынан басқа, келесі талаптар көзделуге тиіс:

- Клиринг орталықтың қатысуымен Мәміле бойынша есеп айырысулар Клиринг қағидаларына сәйкес жүргізілетіні жайлы шарт;
- Шартты жасасу күнінен бастап алдын ала төлемнің бірінші төлемін төлеу мерзімі және оның мөлшері;
- Сауда-саттыққа қатысушымен –Клирингтік орталық сатушысымен тауарды жөнелтуге дайындық туралы хабарлама мерзімі (**Ошибка! Источник ссылки не найден.**-тармақ);
- Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатып алушымен Клиринг орталықтан Сауда-саттыққа қатысушының – Сатушының Тауарды жөнелтуге дайындығы туралы хабарламаны алу күнінен бастап екінші төлемді төлеу мерзімі және оның мөлшері – алдын ала төлемнің бірінші төлемін төлеуді есепке ала отырып шарттың қалған сомасынан кем емес;
- Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатушымен екінші төлемнің келіп түсуі туралы хабарламаны алу сәтінен бастап Тауарды жөнелту мерзімі;
- Басқа Тарап шарт бойынша қабылданған кез келген міндеттемелерді орындамаған жағдайда Тараппен шартты бір жақты бұзу құқығы;
- Клирингтік орталық Клиринг қағидаларында көзделген жағдайларда оның банктік шоты арқылы төлемді жүргізуден бас тартқан кезде шартты тоқтату;
- Шарт бойынша барлық даулар «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның Биржалық сауда қағидаларын өткізу бойынша Регламентіне №1 қосымша болып табылатын, дауларды реттеудің кінәрат-талап тәртібінде сотқа дейінгі реттеуге жатады. Сотқа дейінгі тәртіппен келісімге қол жеткізілмеген кезде – дау Биржаның биржалық төрелігінің қарауына жатады (аталған талап экспорттық мәмілелер үшін міндетті болып табылмайды).
- Шетел валютасында жасасқан экспорттық-импорттық шарттар бойынша, бірақ теңгемен төлеуді көздейтін Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының салдарынан, шартта шарт сомасын төлеу Клирингтік орталықпен Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға шартты төлеу сомасын аудару күніне

белгіленген (Клирингтік орталық экспорттық-импорттық мәмілелер үшін онда банктік шот ашқан) банктің валюталарды айырбастау бағамы бойынша теңгемен жүргізілетінін көрсетілуге тиіс.

- Өзге шарттар, Клиринг қағидаларында көзделген жағдайларда.
- Сондай-ақ шартта осы Клиринг қағидаларының барлық ережелерінің шарт Тараптарымен міндетті орындауға жататыны ескерілуге тиіс.

43.4.1. Шарт 3 (үш) данада қол қойылады. Шарттың бір данасы Клирингтік орталықтың қатысуымен төлем бар Мәміле бойынша қағаз тасығышта шартты рәсімдеу күнінен бастап 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатып алушымен Клирингтік орталыққа беріледі.

43.4.2. Осы Клиринг қағидаларының 0.-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда Клирингтік орталық аталған Мәмілені оның банктік шоты арқылы төлеуді жүргізуден бас тартуға құқылы.

43.5. Клирингтік орталықтың атына, сондай-ақ Клирингтік орталықтың қатысуымен Сауда-саттыққа қатысушылардың - төлем бар мәмілелер бойынша контрагенттердің атына барлық хабарламалар, нұсқаулар және құжаттар тек қана жазбаша түрде жүзеге асырылады.

43.6. Клирингтік орталықтың теңгені шетел валютасына айырбастау және шетел валютасында алынған ақшалай қаражаттарға қызмет көрсетумен байланысты аударым операцияларын жүргізу бойынша банктік шығыстар көрсетілген ақша қаражаттарының иеленушісі және осындай операцияларды бастамашысы болып табылатын Мәміле тарапымен Клирингтік орталыққа өтеуге жатады.

Аталған өтеу Мәміле тарапымен соңғы тиісті шот (хабарлама) алынған күннен бастап екі банктік күн ішінде Клирингтік орталыққа жүргізіледі.

43.7. Сауда-саттыққа қатысушылар Клирингтік орталықтан тиісті сұрау салу келіп түскен сәттен бастап екі банктік күн ішінде соңғысына Клирингтік орталыққа аударылған ақша қаражаттары бойынша валюталық бақылау рәсімдерінен өту үшін қажетті құжаттарды (шарттар, шот-инвойстар, жүк-жөнелтпе және басқа құжаттар) ұсынуға міндетті. Сауда-саттыққа қатысушыК өрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Клирингтік орталық аталған операцияларға (Мәмілелерге) клирингтік қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

## 44-бап. Тауарды төлеу мен жеткізу тәртібі

44.1. Шартта айқындалған мерзім ішінде (0-тармақ), Сауда-саттыққа қатысушы – Сатып алушы Клирингтік орталықтың банктік шотына шартта белгіленген мөлшерде бірінші төлемді аударады. Төлеу Мәміле валютасымен жүргізіледі.

Бұл ретте төлем мақсатында көрсетіледі: «Клирингтік орталықтың қатысушымен төлем бар биржалық мәміле бойынша алдын ала төлем. ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ шарт № \_\_\_\_\_ Оның ішінде ҚҚС - \_\_\_\_\_ (немесе ҚҚС салынбайды).»

Егер экспорттық мәміле жасасқан жағдайда, онда сондай-ақ төлем мақсатында көрсетіледі: «№ \_\_\_ экспорт бойынша мәміле паспорты күні \_\_. Мәміле паспортының банкі: \_\_\_\_\_».

44.1.1. Егер Сауда-саттыққа қатысушы – Сатып алушы өзінің клиенті есебінен әрекет етсе, онда аталған төлем Сауда-саттыққа қатысушының – Сатып алушының клиентімен шартта көзделген тәртіппен және талаптармен өздігінен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте клиент Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға ақша қаражаттарын аудару туралы хабарлауға міндетті.

44.1.2. Осы Клиринг қағидаларының Статъя 9.-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда Клирингтік орталық бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға хабарлайды. Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы аталған хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Клирингтік орталыққа келесі нұсқаулардың біреуін жазбаша нысанда жіберуге міндетті:

- Клирингтік орталықпен бірінші төлемнің келіп тұсуін күту мерзімін күндердің белгілі санына ұзарту, бірақ отыз күнтізбелік күннен көп емес;
- Клирингтік орталықтың Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатушымен шартты бір жақты тоқтатуға байланысты Мәміле бойынша төлеуге қатысу тоқтатылсын (аталған жағдайда сондай-ақ хабарламаға Сауда-саттыққа қатысушының – Сатушының Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға шартты бір жақты бұзу туралы хабарламаның көшірмесі қоса берілуге тиіс).

44.1.3. Клиринг орталыққа Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатушыдан нұсқаулар, сонымен қатар Клиринг қағидаларының □.-тармақшасына сәйкес белгіленген және есепке жазылатын мерзімдерде алдын ала төлемнің бірінші төлемі келіп түспеген кезде, Клирингтік орталық Мәміле бойынша төлеуге өзінің қатысуын тоқтатады, бұл туралы Мәміле тараптарына тиісті хабарлама жібереді. Бұл ретте Клирингтік орталықтың Мәміле бойынша төлеуге қатысу

бойынша қызметтері толықтай көрсетілді және жалпы тәртіпте оның тарифтеріне сәйкес Тараптармен төлеуге жатады.

44.1.4. Клирингтік орталықтың банктік шотына ақша түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, сонғысы бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға хабарлайды.

44.2. Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы Клирингтік орталықтың шотына ақшаның түсуі туралы хабарламаны алған күннен бастап есептелетін, Шартта айқындалатын мерзімде Клирингтік орталыққа оған Тауардың болуын растайтын құжаттар қоса берілетін, жөнелтуге дайындық туралы Хат ұсынады (астық қолхаттары, қоймалық құжаттар және т.б.). Растаушы құжаттар Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға немесе оның тапсырмасы бойынша Мәміле жасасқан клиентіне жазып берілуге тиіс.

44.2.1. Егер осы Клиринг қағидаларының 0.-тармағында айқындалған мерзімдерде жөнелтуге дайындық туралы хат кепі түспесе, Клирингтік орталық бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға хабарлайды және оның нұсқауларын күтеді. Нұсқаулар жазбаша түрде беріледі. Сауда-саттыққа қатысушының – Сатып алушының ықтималды нұсқауларының және Клирингтік орталық іс-әрекеттерінің нұсқалары:

- күту мерзімін күндердің белгілі санына ұзарту;
- ақша қаражаттарын қайтару.

44.2.2. Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан ақша қаражаттарын қайтару нұсқауы келіп түскен жағдайда, Клирингтік орталық тиісті нұсқауды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде банкке тиісті төлем тапсырмасын жібереді.

44.3. Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатушыдан Жөнелтуге дайындық туралы хат алынған соң, Клирингтік орталық 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға қайта жібереді.

44.4. Құжаттар алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде (**Ошибка! Источник ссылки не найден..**-тармақ) Сауда-саттыққа қатысушы – Сатып алушы Клирингтік орталықтың банктік шотына алдын ала төлемнің бірінші төлемін төлеген соң шарттың қалған сомасы мөлшеріндегі екінші төлемді аударады. Төлем Мәміле валютасымен жүргізіледі. Бұл ретте төлем мақсатында көрсетіледі: **«Клирингтік орталықтың қатысуымен төлем бар биржалық мәміле бойынша алдын ала төлем. Шарт № \_\_\_\_\_, күні \_\_\_\_\_.** Оның ішінде ҚҚС - \_\_\_\_\_ (немесе ҚҚС салынбайды)».

Егер экспорттық мәміле жасалған жағдайда, онда сондай-ақ төлем мақсатында көрсетіледі: **«№ \_\_\_ экспорт бойынша мәміле паспорты күні \_\_\_. Мәміле паспортының банкі: \_\_\_\_\_».**

44.4.1. Егер Мәміле валютасы шетел валютасы болып табылса, Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы Клирингтік орталыққа шетел валютасын Қазақстан Республикасының валютасын айырбастау бойынша шығыстарды өтейді.

44.4.2. Егер Сауда-саттыққа қатысушы – Сатып алушы өзінің клиенті есебінен әрекет етсе, онда аталған төлем Сауда-саттыққа қатысушының – Сатып алушының клиентімен шартта көзделген тәртіпте және талаптармен өздігінен жасауы мүмкін. Бұл ретте клиент Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға ақша қаражаттарын аудару туралы хабарлауға міндетті.

44.4.3. Клиринг орталықтың банктік шотына ақша түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, соңғысы бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға хабарлайды.

44.5. Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан екінші төлем түспеген немесе толық түспеген жағдайда (44.4.-тармақ), Клирингтік орталық бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға хабарлайды. Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы аталған хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Клирингтік орталыққа келесі нұсқаулардың біреуін жазбаша түрде жіберуге міндетті:

- Клирингтік орталықпен алдын ала төлемнің екінші төлемінің (жетіспейтін сомасының) түсуін күту уақыты күндердің белгілі санына ұзарту, бірақ отыз күнтізбелік күннен көп емес;
- Клирингтік орталықтың Мәміле бойынша төлемге қатысуын Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатушымен шартты бір жақты бұзуға байланысты тоқтату (аталған жағдайда сондай-ақ хабарламаға Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатушыдан Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға шартты бір жақты бұзу туралы хабарламаның көшірмесі қоса берілуге тиіс.

44.6. Клирингтік орталыққа осы Клиринг қағидаларының □.-тармағын сәйкес белгіленген және есептелген мерзімдерде Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатушыдан нұсқаулар, сондай-ақ алдын ала төлемнің екінші төлемі түспеген кезде, Клирингтік орталық Мәміле бойынша төлеуге өзінің қатысуын тоқтатады, бұл туралы Мәміле тараптарына тиісті хабарлама жібереді. Бұл ретте Клирингтік орталықтың Мәміле бойынша төлеуге қатысу бойынша қызметтері толықтай көрсетілген және жалпы тәртіпте оның тарифтеріне сәйкес Тараптармен төлеуге жатады деп саналады.

44.6.1. Клирингтік орталық Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға шарт бойынша онымен бұрын аударылған алдын ала төлем сомасын қайтарады.

44.7. Хабарламаны алған күннен бастап есептелетін, шартта айқындалған мерзімнен кешіктірмей (0-тармақша) Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы (немесе оның тапсырмасы бойынша Клирингтік орталықтың қатысуымен төлем бар мәміле жасасқа оның клиенті) Тауардың жөнелтімін шартта белгіленген жүк алушының мекенжайына жүргізеді.

44.8. Тауарды жөнелту сәтінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сауда-саттыққа қатысушы – Сатушы Клирингтік орталыққа оның мөрімен куәландырылған келесі құжаттарды ұсынады:

- жөнелтімнің әрбір бірлігіне тауар-көлік жөнелтпе құжатының көшірмесі;
- шот-фактураның (инвойстың) көшірмесі;
- жөнелтімнің әрбір бірлігіне жүк кедендік декларациясының көшірмесі немесе Кеден одағының заңнамасында көзделген өзге де құжаттар (экспорттық мәміле болған жағдайда);
- тауарға арналған сапа сертификатының көшірмесі;
- сәйкестік сертификатының көшірмесі (экспорттық мәміле болған жағдайда).

Шартпен Тауардың түріне және жеткізу шарттарына байланысты өзге құжаттарды ұсыну көзделуі мүмкін.

44.8.1. Егер осы Клиринг қағидаларының 0.-тармағында көзделген құжаттар белгіленген мерзімдерде келіп түспесе, Клирингтік орталық бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға хабарлайды және оның нұсқауларын күтеді. Сауда-саттыққа қатысушының – Сатып алушының ықтималды нұсқауларының және Клирингтік орталықтың іс-әрекеттерінің нұсқалары:

- күту мерзімін күндердің белгілі санына ұзарту;
- ақша қаражаттарын қайтару.

44.8.2. Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан ақша қаражаттарын қайтару нұсқауын алған жағдайда Клирингтік орталық ақша қаражаттарын қайтару үшін аталған нұсқауды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде банкке төлем тапсырмасын жібереді.

44.9. Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатушыдан 0-тармақта көзделген құжаттарды алған соң Клирингтік орталық 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға қайта жібереді.

44.10. Сауда-саттыққа қатысушы – Сатып алушы Клирингтік орталықтан құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде

(0.-тармақ), Клирингтік орталыққа жазбаша түрде Тауарды төлеуге арналған тапсырма немесе осындай тапсырманы беруден себептемелі бас тарту береді. Егер көрсетілген мерзімдерде Клирингтік орталық Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан себептемелі бас тартуды алмаса, Тауарды төлеуге арналған тапсырма берілді деп саналады.

44.10.1. Егер себептемелі бас тарту алынса, Клирингтік орталық оны алған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде ол туралы Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға хабарлайды. Соңғысы осы Клиринг қағидаларының 45-бабында көзделген тәртіпте Биржалық төрелікке жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда шарт бойынша алдын ала төлем сомасы Биржалық төрелік даудың мәні бойынша шешім қабылдағанға дейін Клирингтік орталықтың банктік шотында қалады.

44.11. Клирингтік орталық Тауарды төлеуге арналған Тапсырманы алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындайды. Бұл ретте Клирингтік орталықпен Клирингтік орталықпен банкке тиісті төлем тапсырмасын ұсыну күні Тапсырманы орындау күні болып саналады.

Тауарды төлеуге арналған Тапсырманы орындау келесі түрде жүзеге асырылады:

44.11.1. Клиринг орталық Сауда-саттыққа қатысушының – Сатушының банктік шотына тауар-көлік жөнелтпе құжатына сәйкес Тауардың нақты жөнелтілген көлемі үшін төлемге тең соманы төлейді. Егер де нақты жөнелтілген тауардың құны Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатып алушымен (оның клиентімен) аударылған алдын ала төлемнен көп болса, онда алдын ала төлемнің толық сомасы төленеді.

44.11.2. Егер Клирингтік орталықпен төленген сома нақты жөнелтілген Тауардың құнынан кем болған жағдайда, онда Клирингтік орталықтың ескертпесінен – жетіспейтін сома тікелей Сауда-саттыққа қатысушымен – Сатып алушымен (оның клиентімен) Сауда-саттыққа қатысушының – сатушының шотына төленеді.

44.11.3. Егер мәміле валютасы – шетел валютасы болса, онда:

- 1) Клирингтік орталық қызмет көрсетуші банкке қызмет көрсетуші банктің айырбастау күніне белгіленген валютаны айырбастау бағамы бойынша шетел валютасының қажетті сомасын теңгеге айырбастауға нұсқау береді.
- 2) Өзінің шотына Қазақстан Республикасының валютасын алған соң Клирингтік орталық Сауда-саттыққа қатысушының – Сатып алушының банктік шотына осы Клиринг қағидаларының 0 және 0-тармақтарында көзделген тәртіпте соманы төлейді.

44.11.4. Егер Тауарды төлеуге арналған Тапсырманы орындаған соң Клирингтік орталықтың шотында ақшалай қаражаттар қалған жағдайда, онда ол оларды Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатып алушыға немесе оның клиентіне қайтарады.

44.11.5. Егер Тауарды жеткізу партиялармен жүзеге асырылса, онда Клирингтік орталықпен Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға төлем осы Клиринг қағидаларының 0.–0.-тармақтарының жалпы талаптарын сақтауды есепке ала отырып және Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан Тауарды төлеуге арналған тиісті Тапсырмаларға сәйкес Тауардың әрбір жеткізілетін партиясына қарсы бөліп жүргізілуі мүмкін.

#### **45 - Бап. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу.**

45.1. Клирингтік орталық Сауда-саттыққа қатысушыға – Сатушыға Мәміле бойынша жеткізілген Тауардың төлемін Сауда-саттыққа қатысушыдан – Сатып алушыдан (оның клиентінен) алдын ала төлем ретінде оның банктік шотына келіп түскен ақшаның есебінен ғана жүзеге асырады.

45.2. Мәмілені орындау кезінде туындайтын барлық даулар Шарт тараптарымен Биржалық төрелікке қарауға беріледі және «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның Биржалық сауда қағидаларын іске асыру бойынша Регламентіне №1 қосымша болып табылатын, дауды кінәрат-талап тәртібінде сотқа дейінгі реттеуге жатады (егер экспорттық шартпен өзгеше көзделмесе).

45.3. Биржаның Бирдалық төрелігі шарттың кінәлі және адал тараптарын және кінәлі тараппен адал тараптың атына өтемақыны төлеу тәртібін және тәртіптік әсер ету шараларын айқындайды.

**III-IV БӨЛІМШЕ. ЖАСЫРЫН БИРЖАЛЫҚ АУКЦИОН АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ (2019 жылғы 4 қазандағы № 64 ЕСЖ КО ҚЖЖ шешіміне сәйкес).**

## **V БӨЛІМ. ҚОСАРЛАНҒАН ҚАРСЫ АУКЦИОН РЕЖИМІНДЕ ЖАСАСАТЫН БИРЖАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕРГЕ КЛИРИНГТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

### **54-бап. Жалпы ережелер**

54.1. Клиринг қағидаларының осы бөлімі Клирингтік орталықтың аталған мәмілелерін орындау бойынша кепілдік беру жүйелерін пайдалана отырып оның қатысуымен қосарланған қарсы аукцион режимінде (бұдан әрі – ҚҚА мәмілесі) жасасқан биржалық мәмілелерді орындау шарттары мен тәртібін айқындайды.

54.2. ҚҚА режимінде мәмілелерді жасасу тәртібі Биржалық сауда қағидаларында регламенттелген.

54.3. Осы бөлімде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар осы Клиринг қағидаларына, Биржалық сауда қағидаларына және Биржаның өзге ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес түсіндіріледі, егер Клиринг қағидаларының осы бөлімінде өзгеше көрсетілмесе.

54.4. Клиринг қағидаларының осы бөлімінде көзделген құжаттардың кез келген көшірмелері, ескертпелер, хабарламалар Қызметтерді көрсету шарттарында көзделген Биржаны ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету тәртібінде хабарлама жіберушінің электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып Биржаның электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша Клирингтік орталыққа электрондық хабарламалармен жіберіледі.

Клирингтік орталыққа ҚҚА мәмілесі тараптарымен Клиринг қағидаларының осы бөлімімен оларды жіберу үшін белгіленген мерзімдерден кешіктіріп жіберіген көрсетілген хабарламалар, ескертпелер, құжаттардың көшірмелері ҚҚА мәмілесінің тараптарымен жіберілмеген және Клирингтік орталықпен алынбаған болып саналады.

### **55-бап. Есепке алу тіркелімдері**

55.1. Жасасқан ҚҚА мәмілелері бойынша ақшаны және міндеттемелерді есепке алу үшін Клиринг қатысушылары Клирингтік орталықтарда өздері/өздерінің мүшелері үшін Есепке алу тіркелімі бөлімдерін ашады:

- а) Клирингтік орталыққа биржалық қамтамасыз ету ретінде берілген, Клиринг қатысушысының ақша сомаларын есепке алу үшін арналған биржалық қамтамасыз етуді есепке алу тіркелімі бөлімі;

б) ҚҚА режимінде жасасқан мәміле бойынша Клирингтік орталыққа Тауарды төлеу үшін берілген Клиринг қатысушысының ақша сомасын есепке алу үшін арналған, Тауарды төлеуге арналған ақшаны есепке алу тіркелімі бөлімі.

55.2. Клиринг қатысушысының Клирингтік орталықпен алынған (Клиринг қағидаларына №1 қосымшада көзделген С01 нысан бойынша) есепке алу тіркелімдері бөлімдерін ашуға арналған өтініш Есепке алу тіркелімдерінің бөлімдерін ашу үшін негіз болып табылады.

55.3. Клирингтік орталық осы Қағидалардың 55.2.-тармағында көзделген Өтінімді алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей мезімінде есепке алу тіркелімдері бөлімдерін ашады. Клиринг қатысушысына есепке алу тіркелімі бөлімін ашуға арналған өтініште көрсетілген ұсақ латын әріптер мен цифрлардан тұратын, клиенттің жеті белгілі коды беріледі, сондай-ақ оларды ҚҚС төлеушілеріне жатқызуды немесе жатқызбауды көрсететін белгі қойылады.

55.4. Клирингтік орталық келесі жағдайларда есепке алу тіркелімі бөлімдерін жабуға құқылы:

а) Клиринг қатысушысының өтініші негізінде;

Есепке алу тіркелімінің жабық бөлімі клирингті жүзеге асыру кезінде Клирингтік орталықпен пайдалана алынбайды.

55.5. Тауар биржасының клирингтік орталығы клиринг қатысушысының және оның клиенттерінің ақшасын бөлек есепке алуды жүргізеді.

## **56-бап. Қосарланған қарсы аукцион режимінде сауда-саттықтарға қатысу үшін биржалық қамтамасыз ету**

56.1. Клиринг қатысушысы ҚҚА режимінде Сауда-саттықтарға қатысу күні алдындағы күні сағат 17:00-ге дейін Клирингтік орталықтың ағымдағы шотына биржалық қамтамасыз ету ретінде пайдалану үшін ақша аударады.

Бұл ретте төлем тапсырмасында төлем мақсатында көрсетіледі: **«Бөлім коды \_\_\_\_\_ (қамтамасыз етуді есепке алу үшін ашылған Есепке алу тіркелімі бөлімінің коды көрсетіледі). ҚҚА мәмілелері бойынша биржалық қамтамасыз ету».**

56.2. Клирингтік орталық Клиринг қатысушысымен ұсынылатын әрбір өтінім бойынша биржалық қамтамасыз етуді бұғаттайды. Бұғатталған биржалық қамтамасыз ету мөлшері келесі түрде айқындалады:

$$O = P * K * O1 / 100 * L * (1 + d / 100)$$

Мұнда:

O – бұғатталатын биржалық қамтамасыз ету (теңгемен)

P – Клиринг қатысушысының өтінімінде көрсетілген Тауар бірлігі үшін баға (теңгемен)

K - Сауда-саттыққа қатысушының өтінімінде лоттар саны

O1 – сауда құралы үшін Биржамен айқындалатын биржалық қамтамасыз ету мөлшері, пайыздармен

L – Лот көлемі (Тауардың өлшем бірліктерінде).

d – толеранс – Тауарды көлікпен жеткізу кезінде жүктеменің максималды ұйғарынды оң ауытқуы - (пайыздармен). Егер нақты Тауар үшін өзгеше көрсетілмесе, онда  $d=0\%$

56.3. Клирингтік орталық Клиринг қатысушысы өтінімді алып тастаған кезде биржалық қамтамасыз етуді бұғаттауды тоқтатады.

56.4. Егер Клиринг қатысушысы ҚҚА мәмілені өзінің өтінімі негізінде жасаса, онда биржалық қамтамасыз етуді бұғаттау мына мерзімге сақталады:

- Тауарды жеткізу рәсімі аяқталғанға және жасасқан ҚҚА мәмілесі бойынша есеп айырысулар аяқталған соң, егер ол бойынша ҚҚА мәмілесі жасасқан сауда құралының Ерекшелігімен (бұдан әрі – шарттың стандартты нысаны бар Ерекшелік) мәміле тараптарымен төлем және Клирингтік орталық арқылы тауарды жеткізу бар жеткізу шартына қол қою көзделсе;

- осы Клиринг қағидаларында көзделген өзге жағдайлар басталғанға дейін.

Клирингтік орталық әрбір жасасқан мәміле бойынша бұғатталған биржалық қамтамасыз етудің есепке алуын жүргізеді.

56.5. Егер Клиринг қатысушысы ҚҚА мәмілелерін жасамаса, онда Сауда-саттықтар аяқталған соң биржалық қамтамасыз етуді бұғаттау тоқтатылады (сауда жүйесінде оның өтінімі алып тасталған жағдайда). Биржалық қамтамасыз ету деп қабылданған ақша Клиринг қатысушысына ақшаны қайтаруға арналған Өтінішті Клирингтік орталық алған күннен келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қайтарылады (№ Клиринг қағидаларына №1 қосымшада көзделген AU02 нысаны бойынша).

AU02 нысаны бойынша өтініште алушылардың деректемелерін, сауда шоттардың кодтарын және биржалық қамтамасыз етуді есепке алу тіркеушілерін көрсетумен байланысты қателер, сондай-ақ жүргізілген төлем туралы хаттардағы қателер болған кезде немесе Тауарды жеткізу шарттарында қателер болған кезде, Клирингтік

орталық Клиринг қатысушыларына осындай өтініштер бойынша нұсқауларды орындаудан бас тартуға құқылы. Өтініште қателердің болуы туралы хабарлама Клирингтік орталықпен оларды анықталған сәттен бастап екі күн ішінде жіберіледі.

56.6. Егер Клиринг қатысушысымен өтініш ағымдағы жұмыс күні сағат 16:00-ге дейін дұрыс берілсе, онда биржалық қамтамасыз етуді қайтару келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Егер Клиринг қатысушысымен өтініш ағымдағы күні сағат 16:00-ден кейін берілсе, онда биржалық қамтамасыз етуді қайтару келесі екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

### **57-бап. Өтінімдерді жариялау/ҚҚА мәмілелерін жасасу процесінде Клиринг орталықтың Биржамен өзара әрекеттесу тәртібі**

57.1. Клиринг қатысушысымен ҚҚА мәмілесін жасасу мақсатында Өтінім берілген кезде Биржа Клирингтік орталыққа аталған Өтінім туралы ақпаратты жібереді.

57.2. Биржадан ҚҚА мәмілесін жасасу мақсатында берілген Өтінім туралы ақпаратты алған соң, Клирингтік орталық Сауда-саттыққа қатысушымен мәмілені жасасу мүмкіндігі үшін биржалық қамтамасыз ету түрінде ақшаның жеткіліктілігін тексереді. биржалық қамтамасыз ету сомасының мөлшері осы Қағидалардың 56.2.-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

57.3. Клиринг қағидаларының осы бабы 57.2.-тармағында көрсетілген тексеру нәтижелері бойынша Клирингтік орталық биржалық қамтамасыз ету сомасының жеткілікті екенін анықтаған жағдайда, Клирингтік орталық Биржаға Сауда-саттыққа қатысушымен Өтінімді жариялау мүмкіндігінің растамасын жібереді, теріс нәтиже болған жағдайда Өтінімді жариялаудан бас тартылады.

### **58-бап. Биржадан Тауармен жасасқан Мәмілелер туралы ақпаратты алу тәртібі**

58.1. Клирингтік орталық клирингті жүзеге асыру кезінде Биржадан алынатын Мәмілелер туралы ақпаратты пайдаланады. Биржа осындай ақпаратты Клирингтік орталыққа олар арасындағы шартта көзделген тәртіппен Мәмілелер тізілімі түрінде береді.

58.2. Мәмілелер тізілімі Биржамен ҚҚА режимінде Сауда-саттық аяқталған соң бірден беріледі және осы Сауда-саттықтар барысында жасасқан мәмілелер туралы ақпаратты қамтиды.

## **59-бап. ҚҚА мәмілесі бойынша міндеттемелер**

59.1. ҚҚА мәмілесі бойынша сатушы болып табылатын Клиринг қатысушысы оның шарттарына сәйкес мәміле бойынша сатып алушы болып табылатын Клиринг қатысушысына меншікке Тауарды беруге, ал соңғысы мәміле шарттарына сәйкес оны өз меншігіне қабылдауға және ҚҚА мәмілесінің мәні болып табылатын Тауарды төлеуге міндеттенеді.

Клиринг қатысушылары осы Қағидаларда және Тауар Ерекшелігінде көзделген тәртіппен және талаптармен Жеткізу шартына (бұдан әрі мәтін бойынша - Шарт) қол қою жолымен, ҚҚА режимінде жасасқан мәмілені рәсімдеуге міндеттенеді.

59.2. ҚҚА мәмілесінің негізгі параметрлері келесі болып табылады:

- а) Тауар, оның сапалық сипаттамалары, қаптамасы және өзге талаптар;
- б) жеткізу базисі және Жеткізу өңірі;
- в) Тауар саны (бір Лоттың көлеміне лоттар санының көбейтіндісіне тең сан);
- г) Тауар бірлігі үшін баға (мәміле бол бойынша жасасқан баға);
- д) мәміленің жалпы сомасы (Тауар бірлігі үшін бағаға Тауар санының көбейтіндісі);
- е) жеткізу мерзімдері.

Осы тармақтың а), б), е) тармақшаларында көзделген ҚҚА мәмілесінің параметрлері Биржамен бекітілген, мәміле Тауарына сәйкес келетін Тауар ерекшелігімен айқындалады.

59.3. ҚҚА мәміле тараптары өздерінің ҚҚА мәмілелері бойынша міндеттемелерін Тауардың тиісті ерекшелігінде және осы Клиринг қағидаларында айқындалған мерзімдерде, тәртіппен және шарттармен орындайды.

## **60-бап. ҚҚА мәмілесі бойынша Шартқа қол қою**

60.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттықтарда мәмілені жасасу қорытындылары бойынша Клиринг қатысушылары – Мәміле тараптары Клирингтік орталыққа олар арасында қол қойылған тиісті Жеткізу шартын және оның көшірмесін ұсынуға міндетті.

60.2. *Алынып тасталды.*

60.3. Мәміле тарапының біреуі Жеткізу шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Жеткізу шартына қол қоймаған Мәміле тарапы

жосықсыз Тарап, ал Жеткізу шартына қол қойған Тарап зардап шеккен Тарап болып танылады.

60.3.1. Клирингтік орталық зардап шеккен Тарапқа жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады. Мәміле бойынша Тараптардың міндеттемелері бұл ретте тоқтатылады.

60.4. *Алынып тасталды.*

60.5. *Алынып тасталды.*

60.6. *Алынып тасталды.*

### **61-бап. Клирингтік орталықпен Шарттың стандартты нысаны бар Ерекшелікке сәйкес жасасқан ҚҚА мәмілесі бойынша Шартты тексеру**

61.1. Клирингтік орталық осы Қағидалардың 60-бабында көзделген тәртіппен Клиринг қатысушысымен – Сатушымен қол қойылған Шартты алған кезде, Клирингтік орталық оны жасасқан биржалық мәмілеге (тауар туралы деректерді, тауар бағасын, тауар санын, тараптардың деректемелерін және т.с.с. есепке ала отырып), сондай-ақ ол оның негізінде қол қойылуы тиіс Тауардың тиісті ерекшелігінде көзделген шарттың стандартты нысанына сәйкестігін тексереді.

61.2. Мәміле тарапымен – Сатушымен ұсынылған Шарттың жасалған биржалық мәміленің талаптарына және Шарттың стандартты нысанына сәйкессіздігі кезінде, Клирингтік орталық мәміленің екі Тарапына дереу хабарлайды.

61.2.1. Мәміле тарапы – Сатушы Клирингтік орталықтан хабарлама алынған күннен кейінгі күні сағат 18.00-ге дейін Шарттағы сәйкессіздіктерді түзетуге және оны ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша Клирингтік орталыққа қайта жіберуге міндетті. Клирингтік орталық Қағидалардың осы бабының 61.1.-тармағына сәйкес Шарттың тексеруін жүзеге асырады.

61.2.2. Мәміле тарапымен – Сатушымен ұсынылған Жеткізу шарты жасасқан биржалық мәміленің талаптарына және шарттың стандартты нысанына сәйкес келмеген жағдайда, немесе Клирингтік орталық белгіленген мерзімде қол қойылған Шартты алмаған кезде, Мәміле тарапы – Сатушы жосықсыз тарап болып танылады.

61.2.3. Клирингтік орталық зардап шеккен Тарапқа жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады. Мәміле бойынша Тараптардың міндеттемелері бұл ретте тоқтатылады.

**62-бап. Алдын ала төлем бар ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды төлеу мен жеткізу мерзімдері (шарттың стандартты нысаны бар сауда құралының Ерекшелігіне сәйкес).**

62.1. ҚҚА мәмілесін орындау тауарды төлеу мен жеткізудің келесі мерзімдерінде жүзеге асырылады:

T+3+d сағат 16:00-ге дейін	Сатып алушымен Клирингтік орталықтың банктік шотына ақшаны аудару мерзімі (тауарды «алдын ала төлеу» ретінде)
T+3+d+c сағат 16:00-ге дейін	Тауарды Сатушымен жеткізу мерзімі
T+3+d+c+3	Тауарды Сатып алушымен төлеу мерзімі (Клирингтік орталықпен Сатып алушының ақшасын Тауар Сатушысына аудару)

мұнда «Т» - шартқа қол қойылған күн, «d» және «с» - сауда құралының ерекшелігінде айқындалған және жеткізу шартында көрсетілген ауыспалы шамалар, цифралар – жұмыс күндерінің саны.

**63-бап. Алдын ала төлем бар ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды төлеу және жеткізу тәртібі (шарттың стандартты нысаны бар сауда құралының Ерекшелігіне сәйкес).**

63.1. T+3+d сағат 16:00-ге дейінгі мерзімде Мәміле тарапы - Сатып алушы Клирингтік орталықтың банктік шотына 100% (Жүз пайыз) мөлшерде жеткізу шарты бойынша алдын ала төлемді аударарды. Төлем теңгемен жүзеге асырылады. Бұл ретте төлем мақсатында көрсетіледі: **«Биржалық мәміле бойынша төлемге агентке ақша аудару. \_\_\_ж. «\_\_» \_\_\_ жеткізу шарты № \_\_\_\_\_. Оның ішінде ҚҚС - \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге. Ақшаны есепке жазу үшін клирингтік тіркелімнің нөмірі \_\_\_\_\_».**

Егер де экспорттық мәміле жасалған жағдайда, сондай-ақ төлем мақсатында көрсетіледі: **«№ \_\_\_ экспорт бойынша мәміле паспорты. Күні \_\_. Мәміле паспортының банкі: \_\_\_\_\_».**

Егер Мәміле тарапы - Сатып алушы өзінің клиенті есебінен әрекет етсе, онда аталған төлем Мәміле тарапының - Сатып алушының клиентімен жеткізу шартында көзделген тәртіппен және шарттармен өздігінен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте клиент Мәміле тарапына - Сатып алушыға ақшаны осындай аудару туралы хабарлауға міндетті.

63.1.1. Жеткізу шарты бойынша төлеммен бірмезетте, Мәміле тарапы - Сатып алушы басқа Мәміле тарапына – Сатушыға және Клирингтік орталыққа тауарды қабылдау дайындығы туралы жеделхатты (жолдану станциясынан немесе т.с.с.) немесе осындай дайындықты растайтын өзге де құжатты (бұдан әрі – жеделхат) жібереді.

63.1.2. Мәміле тарапы – Сатып алушы жеткізу шарты бойынша толық алдын ала соманы уақтылы аудармаған және Мәміле тарапына – Сатып алушыға жеделхатты уақтылы ұсынбаған жағдайда, Мәміле тарапы - Сатып алушы мәміле бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанына байланысты жосықсыз Тарап болып танылады.

Клирингтік орталық T+3+d жұмыс күні аяқталғанға дейін бұл туралы Мәміле тарапына – Сатушыға хабарлайды және келесі сауда күні аяқталғаннан кешіктірмей зардап шеккен Тарапқа жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады. Мәміле бойынша Тараптардың міндеттері бұл ретте тоқтатылады.

63.1.3. Мәміле тарапы - Сатып алушы жеткізу шарты бойынша толық алдын ала соманы уақтылы аударған және Мәміле тарапына - Сатушыға жеделхат ұсынбаған жағдайда, Клирингтік орталық T+3+d жұмыс күні аяқталғанға дейін Мәміле тарапына – Сатушыға Тауарды жөнелтуді бастау туралы міндеттер туралы хабарландырады.

Бұл ретте Мәміле тарапымен - Сатып алушымен бұрын енгізілген биржалық қамтамасыз етуді бұғаттау тоқтатылады, және ол осы Қағидалардың 56-бабында көзделген тәртіппен Клирингтік орталықпен Мәміле тарапына - Сатып алушыға қайтарылады.

63.1.4. Мәміле тарапынан - Сатып алушыдан шарт бойынша келіп түскен алдын ала төлем сомасы Клирингтік орталықпен ҚҚС-тан ақшаны есепке алу тіркелімінің оған ашылған бөлімінде есепке алынады және осы бапта айқындалған, оны одан арғы аудару жағдайлары басталғанға дейін бұғатталады.

63.2. Инкотермс 2010: СРТ, DAP жағдайларында Тауарды жеткізуді растау кезінде Клирингтік орталықтың және Мәміле тараптарының өзара әрекеттесу тәртібі:

63.2.1. T+3+d+c сағат 16:00-ге дейінгі мерзімде Мәміле тарапы-Сатушы жеткізу шартында көзделген тізбеге сәйкес, Клирингтік орталыққа жеткізуді растайтын құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін, ал Мәміле тарапына - Сатып алушыға түпнұсқаларын ұсынады.

63.2.2. Мәміле тарапымен - Сатушы Клирингтік орталыққа және/немесе Мәміле тарапына - Сатып алушыға жеткізу құжаттарын уақтылы ұсынбаған/ұсынбаған кезде, Мәміле тарапы - Сатушы жосықсыз Тарап болып танылады.

Клирингтік орталық T+3+d+c күнінен кейінгі сауда күні аяқталғаннан кешіктірмей зардап шеккен Тарапқа жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады.

63.2.3. Жеткізу құжаттарын уақтылы ұсынған кезде, Клирингтік орталық T+3+d+c жұмыс күні аяқталғанға дейін алынған жеткізу құжаттарын жеткізу шартының талаптарына сәйкестікке қайта тексеруге міндетті.

Жеткізу құжаттары Клирингтік орталықпен толымдылыққа, оларды белгіленген стандарттарға және іскерлік айналым әдеттеріне сәйкес толтыру дұрыстығына, сондай-ақ олардың жеткізілетін тауардың көлемі мен сапасы бойынша жеткізу шартының (биржалық мәміленің) талаптарына, жеткізудің өзге талаптарына сәйкестігіне тексеруге жатады.

63.2.4. Жеткізу құжаттарын тексеру аяқталған соң Клирингтік орталық, осы тармақтың 63.2.6.-тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Мәміле тараптарына тексеру нәтижелері туралы дереу хабарлауға міндетті: құжаттардың осы тармақтың 63.2.5.-тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы немесе аталған талаптарға сәйкессіздігі туралы. Бұл ретте, жеткізу құжаттарының көрсетілген талаптарға сәйкестігіне сүйене отырып, сондай-ақ хабарламада толеранс бойынша ескертулерді есепке ала отырып жеткізілген немесе жеткізілмеген Тауардың анықталған көлемі көрсетіледі.

63.2.5. Жеткізу құжаттарының осы Қағидалардың 63.2.3.-тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Мәміле тарапы - Сатушы онымен жеткізілмеген (толық немесе ішінара) Тауардың анықталған көлемі бойынша жосықсыз Тарап болып танылады.

Клирингтік орталық осы тармақтың 63.2.4.-тармақшасында көрсетілген, хабарламаларды жіберу күнінен кейінгі келесі сауда күні аяқталғаннан кешіктірмей, зардап шеккен Тарапқа жосықсыз Тараппен Тауардың жеткізілмеген көлемінің мөлшеріне еселік мөлшерде биржалық қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады. Мәміле бойынша тараптардың міндеттемелері бұл ретте тоқтатылады.

63.2.6. Клирингтік орталықпен құжаттарды тексеру барысында Клирингтік орталықтың пікірі бойынша құжаттар бойынша Мәміле тарапымен – Сатып алушымен міндетті келісуді талап ететін қандай да болсын сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, Клирингтік орталық

жеткізу құжаттарын тексеру аяқталған соң Мәміле тарапына – Сатып алушыға тиісті хабарлама жібереді.

63.2.7. Мәміле тарапы - Сатып алушы Клирингтік орталықтан осы тармақтың 63.2.6.-тармақшасында көрсетілген хабарламаны алған сәттен және жеткізу шарты бойынша Тауарды төлеудің соңғы күні сағат 11:00-ден кешіктірмей, Клирингтік орталықпен жеткізу құжаттары бойынша табылған сәйкессіздіктерді тануға және де Клирингтік орталыққа жеткізу шартын толықтай немесе ішінара төлеу қажеттілігі жайлы ескертпе жіберуге құқылы.

63.2.8. Клирингтік орталыққа Мәміле тарапынан-Сатып алушыдан осы Қағидалардың 63.2.7.-тармақшасында көрсетілген төлеу бойынша хабарлама келіп түспеген жағдайда, Клирингтік орталық Мәміле тараптарын аталған мәміле бойынша есеп айырысу рәсімдерін тоқтата тұру және мәміле бойынша төлеу мәселесін Биржаның Биржалық төрелігінің қарауына беру туралы хабарлайды.

Бұл ретте Мәміле тарапы - Сатушының биржалық қамтамасыз етуі және Мәміле тарапының - Сатып алушының жеткізу шарты бойынша төлем сомасы Биржалық төреліктің аталған даулы мәселе бойынша тиісті шешімі шығарылғанға дейін бұғатталған болып қалады.

63.3. Инкотермс 2010: EXW жағдайларында Тауардың жеткізуін растау кезінде Клирингтік орталықтың және Мәміле тараптарының өзара әрекеттесу тәртібі:

63.3.1. Сағат 16:00-ге дейін T+3+d+c мерзімінде Мәміле тарапы - Сатушы және Мәміле тарапы - Сатып алушы Клирингтік орталыққа Тауардың жеткізуін растайтын құжаттың көшірмесін, олармен келісілген тармақта, олармен қол қойылған Тауарды қабылдау-тапсыру актісін ұсынады.

Егер сатып алу-сату мәні ол бойынша электрондық астық қолхаты шығарылған, элеваторда сақталатын астық болып табылған жағдайда, онда Мәміле тарапы – Сатушы және Мәміле тарапы – Сатып алушы Клирингтік орталыққа Тауардың жеткізуін растайтын құжаттың көшірмесін, Мәміле тарапының ЭЦҚ-мен немесе қағаз түрінде ұсынылған кезде Мәміле тарапының мөрімен куәландырылған Астық қолхаты бойынша тіркеушінің үзінді көшірмелері ұсынылады.

63.3.2. Мәміле тараптарымен Қағидалардың осы бабы 63.3.1.-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Клирингтік орталық Мәміле тараптарына келесі күнге дейін сағат 16:00-ге дейінгі мерзімде (T+3+d+c+1 сағат 16:00-ге дейін), Тауардың жеткізуін растайтын құжаттардың көшірмелерін жіберу қажеттілігі туралы дереу хабарлайды.

Мәміле тараптарынан келесі күнге дейін сағат 16:00-ге дейін (T+3+d+c+1) Тауардың жеткізуін растайтын құжаттардың көшірмелері келіп түспеген кезде, Клирингтік орталық Мәміле тараптарын аталған мәміле бойынша есеп айырысу рәсімдерін тоқтату туралы хабарлайды және Мәміле тараптарына биржалық қамтамасыз етуді және Шарт бойынша төлем сомасын қайтарады.

63.3.3. Мәміле тарапымен – Сатып алушымен Клирингтік орталыққа Қағидалардың осы бабының 63.3.1.-тармақшасында көрсетілген мерзімде Тауарды жеткізуді растайтын құжаттың көшірмелері ұсынылмаған, ал сол арада аталған құжат Клирингтік орталыққа Мәміле тарапымен – Сатушымен ұсынылған жағдайда, Клирингтік орталық Мәміле тарапына – Сатып алушыға Тауардың жеткізуін растайтын құжаттың көшірмелерін немесе ұсынудан бас тарту себептерін көрсете отырып ескертпені келесі күнге дейін сағат 16:00-ге дейін (T+3+d+c+1 сағат 16:00-ге дейін) мерзімде ұсыну қажеттілігі жайлы дереу хабарлайды. Хабарлаумен бірмезетте Клирингтік орталық Мәміле тарапына – Сатып алушыға Мәміле тарапынан – Сатушыдан алынған Тауардың жеткізуін растайтын құжаттың көшірмесін жібереді.

Мәміле тарапымен – Сатып алушымен Клирингтік орталыққа көрсетілген мерзімдерде Тауардың жеткізуін растайтын құжаттардың көшірмелері немесе оны ұсынудан бас тарту себептерін көрсете отырып ескертпені ұсынылмаған жағдайда, жеткізу Мәміле тарапымен – Сатып алушымен расталды деп және Тауардың жеткізуін растайтын құжаттың көшірмесі Клирингтік орталықпен одан алынды деп саналады.

63.3.4. Мәміле тарапымен – Сатушымен Клирингтік орталыққа Қағидалардың осы бабының 63.3.1.-тармағында көрсетілген мерзімде Тауарды жеткізуді растайтын құжаттардың көшірмесі ұсынылмаған жағдайда, ал сол арада аталған көшірме Мәміле тарапымен – Сатып алушымен Клирингтік орталыққа уақтылы жеткізілген кезде, Клирингтік орталық ҚҚА мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруды жүзеге асыру үшін тек қана Мәміле тарапынан – Сатып алушыдан ғана алынған Тауарды жеткізуді растайтын құжаттың көшірмесін басшылыққа алады.

63.3.5. Клирингтік орталық Мәміле тарапынан Тауардың жеткізуін растайтын құжаттардың көшірмесін алған кезде, Клирингтік орталық оның тексеруін жүзеге асырады және осы Қағидалардың 63.2.-тармағы 63.2.3. - 63.2.8.-тармақшаларында белгіленген тәртіппен әрекет етеді.

63.4. Жеткізу құжаттары, акт көшірмелері осы қағидалардың 63.2.-тармағы 63.2.3.-тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде, Клирингтік орталық T+3+d+c+3 мерзімінде Мәміле

тарапының – Сатып алушының алдын ала сомасын (аталған жеткізу шарты бойынша Тауарды төлеу үшін Ақшаны есепке алу тіркелімде есепке алынатын) бұғаттан шығарады, және оның Мәміле тарапының – Сатушының ағымдағы шотына аударымын жүзеге асырады.

Бұл ретте СРТ, DAP (Инкотермс 2010) жағдайларында жеткізу кезінде төлеу мыналарды есепке ала отырып жүргізіледі:

- ақшаның төленетін сомасы тауар-көлік жөнелтпе құжатына сәйкес нақты тиелген көлем үшін төлеуге тең ақша сомасы төленеді. Бұл ретте егер нақты тиелген Тауардың құны Мәміле тарапымен – Сатып алушымен аударылған алдын ала төлемнен көп болса, онда алдын ала төлемнің толық сомасы төленеді. Егер Клирингтік орталықпен аударылған алдын ала төлеу сомасы нақты тиелген Тауардың құнына кем болған жағдайда, онда Клирингтік орталықтың хабарламасымен – жетіспейтін сома Мәміле тарапының – Сатушының шотына тікелей Мәміле тарапымен – Сатып алушымен (оның клиентімен) төленеді.

63.4.1. Мәміле тарапына – Сатушыға Тауардың төлеуін аудару күні Клирингтік орталықпен банкіге тиісті төлем тапсырмасын қою күні болып саналады.

63.5. Клирингтік орталық Мәміле тарапынан - Сатып алушыдан осы баптың 63.2.-тармағы 63.2.7.-тармақшасында көрсетілген, Тауарды төлеу қажеттілігі туралы ескертпені алған кезде, Клирингтік орталық көрсетілген ескертпеге қатаң сәйкестікте Мәміле тарапының - Сатып алушының алдын ала сомасы есебіне Мәміле тарапының – Сатушының банктік шотына ақшаның аударымын жүзеге асырады.

63.6. Егер ҚҚА мәмілесі бойынша есеп айырысулар аяқталған соң Клирингтік орталықтың банктік шотында Мәміле тарапының - Сатып алушының талап етілмеген ақшасы қалса, онда Клирингтік орталық Мәміле тарапына - Сатып алушыға аталған қалдық туралы хабарлайды және оның өтініші бойынша оған көрсетілген қалдықты қайтарады.

63.7. Клирингтік орталық Мәміле тарапынан – Сатып алушыдан (оның клиентінен) алдын ала төлем ретінде оның банктік шотына келіп түскен ақшаның есебінен ғана Мәміленің тарапына – Сатушыға жеткізілген Тауардың төлеуін жүзеге асырады.

**63-1-бап. Төлемді кейінге қалдыра отырып ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды төлеу және жеткізу мерзімдері (шарттың стандартты нысаны бар сауда құралының Ерекшелігіне сәйкес).**

63-1.1. Төлемді кейінге қалдыра отырып ҚҚА режимінде Саудасаттықтар барысында жасалған мәмілелер бойынша орындау Тауарды төлеу мен жеткізудің келесі мерзімдерінде жүзеге асырылады:

T+d	Сатып алушымен Сатушыға банктік кепілдікті ұсыну мерзімі
T+d+c	Тауарды Сатып алушымен жеткізу мерзімі
T+d+c+p немесе Шартта көрсетілген күн.	Тауарды Сатып алушымен төлеу мерзімі

мұнда «Т» - шартқа қол қойылған күн; «d», «с» және «р» - сауда құралының ерекшелігінде айқындалған және жеткізу шартында көрсетілген ауыспалы шамалар.

**63-2-бап. Төлемді кейінге қалдыра отырып ҚҚА мәмілесі бойынша банктік кепілдікті ұсыну тәртібі (шарттың стандартты нысаны бар сауда құралының Ерекшелігіне сәйкес).**

63-2.1. Төлемді кейінге қалдыра отырып ҚҚА мәмілесі бойынша шарт бойынша міндеттемелердің тиісті орындалуын қамтамасыз ету үшін, Сатып алушы Сатушыға Тауардың жалпы құны және Тауардың жалпы құнынан кемінде 5% мөлшерінде Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін айыппұл кіретін сомаға, Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкімен берілген төлем кепілдігін (бұдан әрі – Кепілдік) ұсынады.

63-2.2. Кепілдік Сатушымен көрсетілетін екінші деңгейлі банк арқылы свифт немесе телекс бойынша авизолануға тиіс.

Кепілдіктің қолданылу мерзімі Сатушымен көрсетіледі.

Кепілдік Сатушымен белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

63-2.3. Кепілдікте Кепілгердің Сатып алушымен Шарт бойынша міндеттемелер орындамағаны/тиісті орындалмағаны үшін жауаптылықта болатыны және де оларлы орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, сонымен қатар Қағидалардың 63-2.4-тармағында көзделген жағдайларда Сатушыға бірінші жазбаша талабы бойынша Кепілдіктің сомасын шартсыз және қайтарып алмай төлеуге міндеттенетіні көрсетілуге тиіс.

63-2.4. Сатушы Кепілдік бойынша талап ету құқығын пайдаланады:

- егер Сатып алушы Шарт сомасының үштен бір бөлігінен астам құрайтын талап арыз сомасы бар сот процесіне тартылған, және/немесе егер Сатып алушының мүлкіне және оның банктік шоттарына тыйым салынған немесе ақы өндіріп алынған (немесе осының шынайы қауіпі бар болған);

- Сатып алушының және/немесе Кепілгердің заңды (құқықтық) мәртебесі өзгерген, таратылған, қайта ұйымдастырылған, банкроттық мүмкіндігі және т.б. салдарынан қызметін тоқтата тұрған, тоқтатқан, және осыған байланысты Сатып алушымен және/немесе Кепілгермен Шарт талартарын тиісті орындауға қауіп төнген;

- Сатып алушы Шартта көзделген міндеттемедерді орындамаған/тиісті орындамаған;

- егер Сатып алушымен Шарттың талаптарын дауласумен байланысты сот процесіне бастама жасалған жағдайда.

Бұл ретте Кепілгерге сатушының Тауарды босатуға арналған өкімінің көшірмесі, Шарттың көшірмесі ұсынылады. Кепілдікті иегру шарттарында ешқандай басқа құжаттар ескерілмейді.

63-2.5. Қағидалардың 63-2.4-тармағында көрсетілген жағдайларда, Сатушы оның құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін немесе Сатып алушының Сатушыға берешегін қайтару үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген қажетті және жеткілікті шараларды қолдануға құқылы. Осыған байланысты Сатушы көтерген залалдарды өтеу Сатып алушыға жүктеледі.

63-2.6. Сатып алушы нысаны және құрамы бойынша осы Қағидалардың, Сатушының талаптарына толықтай сәйкес келмейтін немесе Шарт бойынша оны ұсыну үшін мерзім аяқталған соң Кепілдікті ұсынған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға жазбаша хабарламаны жіберу жолымен, осыған байланысты туындаған залалдарды, тұрақсыздық айыбын және өзге де шығыстарды Сатып алушыға өтеусіз Шартты бір жақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Шарт бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап бұзылған болып саналады.

63-2.7. Сатып алушы нысаны және құрамы бойынша осы Қағидалардың және Шарттың талаптарына толықтай сәйкес келетін Кепілдікті ұсынған жағдайда, Сатушы Сатып алушыдан Кепілдікті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Клирингтік орталыққа көрсетілген Кепілдікті қабылдау, Кепілдіктің Шарттың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі және Кепілдіктің акцептісі туралы хабарлайды.

**63-3-бап. Төлемді кейінге қалдырумен ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды төлеу және жеткізу тәртібі (шарттың стандартты нысаны бар сауда құралының ерекшелігіне сәйкес).**

63-3.1. Шарт бойынша Тауарды жеткізу EXW Инкотермс 2010 шарттарымен жүзеге асырылады.

63-3.2. Сатып алушы сағат 18:00-ге дейін T+d мерзіміне дейін Сатушыға осы Қағидалардың 63-2-бабында көзделген шарттармен Кепілдікті ұсынады.

63-3.3. Сатып алушының биржалық қамтамасыз етуін бұғаттан шығару Клирингтік орталықпен Сатып алушымен ұсынылған Кепілдік акцепті туралы жазбаша растама Сатып алушыдан алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

63-3.4. Кепілдікті алған соң Сатушы T+d+c мерзімінде желілік лицензияланған элеватор қоймасынан Сатып алушыға тауарды береді (жеткізеді).

63-3.5. Төлемді кейінге қалдырумен ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды беруді (жеткізуді) растау кезінде Клирингтік орталықтың және Мәміле тараптарының өзара әрекеттесуі төлемді кейінге қалдырумен ҚҚА мәмілелері үшін көзделген мерзімдер мен ерекшеліктерді есепке ала отырып осы Қағидалардың 63-бабы 63.3-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

63-3.6. Тауардың жеткізуі аяқталған соң Клирингтік орталық сатып алушымен Тауарды төлеу мерзімдерін қадағалайды. Көрсетілген мақсаттарда, сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ отыз жұмыс күнінен бұрын, Клирингтік орталық Сатып алушыға Тауарды төлеу қажеттілігі туралы хабарлайды және Сатушыдан Тауарды төлеу бойынша ақшаны есепке жазу үшін банктік деректемелерге сұрау салады.

Мәміле тараптары Клирингтік орталық Шарт бойынша Тауарды төлеу мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы әрбір тарапқа хабарлаған жағдайда Клирингтік орталық арқылы Тауардың төлеуін жүргізуден бас тартуға құқылы. Клирингтік орталыққа белгіленген мерзімде Тараптың біреуінен көрсетілген хабарлама келіп түспеген жағдайда, Тауарды төлеу Клирингтік орталық арқылы жүзеге асырылады.

63-3.7. T+d+c+p мерзімде немесе Шартта көрсетілген күні, Сатып алушы Клирингтік орталықтың банктік шотына Шарт бойынша төлеудің толық сомасын аударады. Төлеу теңгемен жүзеге асырылады. Бұл ретте төлем мақсатында көрсетіледі: **«Биржалық мәміле бойынша төлемге агентке ақша аудару. \_\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ жеткізу шарты № \_\_\_\_\_ Оның ішінде ҚҚС - \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_)**

**теңге. Ақшаны есепке жазу үшін клирингтік тіркелімнің нөмірі \_\_\_\_\_».**

Егер сараптамалық мәміле жасасқан жағдайда, сондай-ақ төлемнің мақсатында көрсетіледі: **«№ \_\_ экспорт бойынша мәміле паспорты. Күні \_\_. Мәміле паспортының банкі: \_\_»**

Егер Сатып алушы өзінің клиенті есебінен әрекет етсе, онда аталған төлем жеткізу шартында көзделген тәртіппен және талаптармен Мәміле тарапының – Сатып алушының клиентімен өздігінен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте клиент Мәміле тарапына – Сатып алушыға ақша қаражаттарын осындай аудару туралы хабарлауға міндетті.

Клирингтік орталық оның шотына төлеу сомасы есепке жазылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Сатушының банктік шотына келіп түскен соманың аударуын жүзеге асырады.

63-3.8. Мәміле тарапымен – Сатып алушымен Шарт бойынша төлеудің толық сомасы уақтылы аударылмаған жағдайда, Мәміле тарапы – Сатып алушы мәміле бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанына байланысты жосықсыз Тарап болып танылады.

Клирингтік орталық жұмыс күні аяқталғанға дейін T+d+c+r немесе Шартта көрсетілген күнге дейін бұл туралы Мәміле тарапына – Сатушыға хабарлайды. Бұл жағдайда Клирингтік орталық арқылы мәмілені орындау тоқтатылады.

63-3.9. Тараптың біреуімен ол бойынша өз міндеттемелерінің төлемін кейінге қалдырумен ҚҚА мәмілесі орындалмаған жағдайда, Клирингтік орталықпен осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жосықсыз тараптан зардап шеккен Тараптың пайдасына биржалық қамтамасыз ету тұрақсыздық айыбы ретінде ұстаналады.

63-3.10. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда, екі тараппен ол бойынша өз міндеттемелерінің төлемін кейінге қалдырумен ҚҚА мәмілесі орындалмаған жағдайда, Мәміле тараптарының биржалық қамтамасыз етуі Клирингтік орталықпен өз пайдасына ұсталады. Клирингтік орталық арқылы мәмілені орындау тоқтатылады.

#### **63-4-бап. Кейіннен төлеумен ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды төлеу және жеткізу тәртібі (сауда құралының Ерекшелігіне сәйкес)**

63-4.1. Кейіннен төлеумен ҚҚА режимінде сауда-саттық барысында жасасқан мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау жеткізу шартында және сауда құралының ерекшелігінде көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады:

T+d	Сатып алушымен Сатушыға Тауарды жеткізуге
-----	---

	Өтінімді ұсыну мерзімі
T+d+c	Сатушымен Тауарды жеткізу мерзімі
T+d+c+p немесе Шартта көрсетілген күн.	Сатып алушымен Тауарды төлеу мерзімі (Клирингтік орталықпен Сатып алушының ақшасын тауардың Сатушысына аудару)

мұнда «Т» – шартқа қол қойылған күн; «d», «с» және «р» – сауда құралының ерекшелігінде айқындалған және жеткізу шартында көрсетілген айнымалылар.

63-4.2. Кейіннен төлеумен ҚҚА мәмілесі бойынша Тауарды беруді (жеткізуді) растау кезінде Клирингтік орталық пен Мәміле тараптарының өзара әрекеттесуі кейіннен төлеумен ҚҚА мәмілелері үшін көзделген мерзімдер мен ерекшеліктерді есепке ала отырып, Қағидалардың осы бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

63-4.3. Тауарды жеткізу CPT, DAP, DDP (Инкотермс 2020) шарттарымен жүзеге асырылады.

63-4.4. T+d мерзімінде Мәміле тарапы – Сатып алушы Мәміле тарапына – Сатушыға Тауарды жеткізуге Өтінімді, ал Клирингтік орталыққа – оның көшірмесін ұсынады. Тауарды жеткізуге Өтінімді алғаннан кейін Сатушы Сатып алушыға T+d+c мерзімінде Тауарды береді (жеткізеді).

63-4.5. Тауарды жеткізу күнінен бастап (T+d+c) 3 жұмыс күнінен кешіктірмей сағат 16:00-ге дейін немесе Шартта және/немесе сауда құралының ерекшелігінде көрсетілген күнге дейін Мәміле тараптары (Сатушы мен Сатып алушы) Клирингтік орталыққа сауда құралының ерекшелігінде және жеткізу шартында көзделген тізбе бойынша жеткізуді растайтын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып Тауарды жеткізу/алу туралы хабарламаны ұсынады (бұдан әрі – жеткізу құжаттары).

63-4.5.1. Клирингтік орталық жеткізу құжаттары келіп түскен күннен кейінгі жұмыс күні аяқталғанға дейін алынған құжаттардың сауда құралының ерекшелігінде және жеткізу шартында көзделген құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

63-4.5.2. Жеткізу құжаттары ұсынылмаған немесе сауда құралының ерекшелігінде және жеткізу шартында көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес келмеген жағдайда, Клирингтік орталық бұл туралы Мәміле тараптарына хабарлайды. Бұл ретте Клирингтік орталық анықталған сәйкессіздіктер жойылғанға дейін мәміле бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы.

63-4.6. T+d+c+p мерзімінде сағат 16:00-ге дейін немесе Шартта көрсетілген күні Сатып алушы Клирингтік орталықтың ағымдағы шотына жеткізу құжаттары бойынша іс жүзінде жеткізілген Тауар көлеміне төлемге тең соманы аударарды. Төлеу теңгемен жүзеге

асырылады. Бұл ретте төлем мақсатында көрсетіледі: **«Биржалық мәміле бойынша төлемге агентке ақша аудару \_\_\_\_\_ (мәміле № көрсетіледі). Жеткізу шарты № \_\_\_\_\_ ж. Оның ішінде ҚҚС – \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге. Ақшаны есепке жатқызу үшін клирингтік тіркелім нөмірі \_\_\_\_\_ . Брокер коды \_\_\_\_\_ .».**

63-4.6.1. Егер Сатып алушы өзінің клиенті есебінен әрекет етсе, онда аталған төлем жеткізу шартында көзделген тәртіппен және талаптармен Мәміле тарапының – Сатып алушының клиентімен өздігінен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте клиент Мәміле тарапына – Сатып алушыға ақшаны осындай аудару туралы хабарлауға міндетті.

63-4.6.2. ҚҚА мәмілелері бойынша есеп айырысу үшін Сатып алушының мүддесін білдіретін Клирингке қатысушы Клирингтік орталыққа Ақшаны аударуға өтінішті (Клиринг қағидаларына № 1 қосымшада көзделген АУ05 нысаны бойынша) ұсынады.

63-4.6.3. АУ05 нысаны бойынша өтініште алушылардың деректемелерін, сауда шоттарының кодтары мен биржалық қамтамасыз ету есепке алу тіркелімдерін, мәміле нөмірін және басқа да деректерді көрсетуге байланысты қателер болған жағдайда, Клирингтік орталық осындай өтініштер бойынша нұсқауларды орындаудан Клирингке қатысушыларға бас тартуға құқылы. Өтініште қателер болғаны туралы хабарламаны Клирингтік орталық оларды анықтаған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жібереді.

63-4.6.4. Клирингтік орталық төлемнің толық сомасы Клирингтік орталықтың ағымдағы шотына келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде және АУ05 нысаны бойынша Өтініш дұрыс ұсынылған жағдайда Клирингке қатысушы – Сатушының ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аударуды жүзеге асырады.

Бұл ретте Мәміле тарапы – Сатушыға Тауардың төлемін аудару күні Клирингтік орталықпен банкке тиісті төлем тапсырмасы жолданған күн болып есептеледі.

63-4.6.5. Егер АУ05 нысаны бойынша Өтініш сағат 16:00-ден кейін алынса немесе қате мәліметтер қамтыған жағдайда, аудару мерзімі қателерді түзеткен күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

63-4.7. Клирингтік орталық жеткізілген Тауардың төлемін Мәміле тарапы – Сатушыға тек қана Мәміле тарапы – Сатып алушыдан (оның клиентінен) төлем ретінде өзінің ағымдағы шотына түскен ақша есебінен жүзеге асырады.

63-4.8. Егер Тауарды жеткізу партиялармен жүзеге асырылса, онда Клирингтік орталықпен Мәміле тарапы – Сатушыға төлем де осы Қағидалардың 63-4.4. – 63-4.6-тармақтарының жалпы талаптарын сақтауды ескере отырып және Клирингтік орталыққа ұсынылған жеткізу құжаттарына сәйкес Тауардың әрбір жеткізілген партиясына қарсы

бөліктермен жүргізілуі мүмкін, егер жеткізу шартында өзгеше көзделмесе.

63-4.9. Егер ҚҚА мәмілесі бойынша есеп айырысу аяқталғаннан кейін Клирингтік орталықтың ағымдағы шотында Мәміле тарапы – Сатып алушының талап етілмеген ақшасы қалса, онда Клирингтік орталық Мәміле тарапы – Сатып алушының тауарға ақы төлеуге аударылған ақшалай қаражатты қайтаруға өтініші (Клиринг қағидаларына № 1 қосымшада көзделген АУ06 нысаны бойынша) бойынша оған көрсетілген ақша қалдығын қайтарады.

63-4.10. ҚҚА мәмілесінің Тараптарының бірі жеткізу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, биржалық қамтамасыз етуді ұстап қалу және аудару мәселесі Клирингтік орталықпен осы Қағидалардың 65-бабында көзделген тәртіппен және талаптармен қаралады.

#### **64-бап. Дауларды шешу тәртібі**

64.1. ҚҚА мәмілесін орындау кезінде туындайтын барлық даулар Жеткізу шартының тараптарымен Биржаның Биржалық төрелігіне қарауға беріледі және де «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның Биржалық сауда қағидаларын іске асыру бойынша Регламентіне № 1 қосымша болып табылатын, дауларды реттеудің кінәрат-талап тәртібімен сотқа дейінгі реттеуге жатады (егер экспорттық шарттармен өзгеше көзделмесе).

64.2. ДВА мәмілесі бойынша жеткізу шартын жасасу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған не өздерімен жасалған жеткізу шарттары бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған Тараптар туралы мәліметтер Клирингтік орталық тарапынан тауар биржалары саласындағы заңнама талаптарына және биржалық сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Биржаға және монополияға қарсы органға ұсынылады.

#### **65-бап. Клирингтік орталықпен бұғатталған биржалық қамтамасыз етуді аудару жағдайлары**

65.1. Биржалық сауда қатысушысымен отыз күнтізбелік күн ішінде биржалық мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, онымен енгізілген биржалық қамтамасыз ету Клиринг қағидаларының осы бабының 65.2. және 65.4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді есепке ала отырып, Клирингтік орталықпен бес жұмыс күні ішінде зардап шеккен тараптың пайдасына аударуға жатады.

65.2. Егер осы Қағидалармен өзгеше көзделмесе, Клирингтік орталықпен ҚҚА жасасқан мәмілелер бойынша бұғатталған биржалық қамтамасыз ету келесі жағдайларда аударылады:

65.2.1 Мәміле тарапына – Сатып алушының биржалық қамтамасыз етуі бұғаттан шығарылады және Мәміле тарапына – Сатушыға аударылады:

1) Мәміле тарапынан - Сатып алушыдан оның биржалық қамтамасыз ету сомасын жасасқан биржалық мәміле және тиісті қол қойылған шарт бойынша тауар үшін қорытынды төлеу ретінде Мәміле тарапының - Сатушының пайдасына аудару туралы өтініш келіп түскен кезде. Бұл ретте Клирингтік орталыққа сондай-ақ Мәміле тарапынан - Сатушыдан аударылатын биржалық қамтамасыз ету есебінен толық төлеуді ақтау үшін биржалық қамтамасыз ету айырмасына алдын ала төлемді алу туралы растама хат келіп түсуге тиіс.

2) Мәміле тарапынан - Сатып алушыдан оның биржалық қамтамасыз ету сомасын тиісті қол қойылған шарт және жасасқан биржалық мәміле бойынша тауар үшін ішінара төлем ретінде Мәміле тарапының - Сатушының пайдасына аудару туралы өтініш келіп түскен кезде. Бұл ретте Клирингтік орталыққа сондай-ақ Мәміле тарапынан – Сатушыдан осындай аударуға келісім хат және Клирингтік орталыққа және Мәміле тарапына - Сатып алушыға тиісті биржалық мәміле бойынша аталған биржалық қамтамасыз ету есебінен тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша одан арғы наразылықтардың жоқтығы ұсынылуға тиіс.

3) Биржалық төреліктің Мәміле тарапының - Сатып алушының биржалық қамтамасыз ету сомасын Мәміле тарапының – Сатушының пайдасына өндіріп алу туралы шешімі бойынша.

4) Соттың Мәмілі тарапының -Сатып алушының биржалық қамтамасыз ету сомасын Мәміле тарапының – Сатушының пайдасына өндіріп алу туралы шешіміне сәйкес.

5) Мәміле тарапының – Сатушының Мәміле тарапына - Сатып алушыға оның биржалық қамтамасыз ету сомасы есебінен тұрақсыздық айыбын төлеу туралы даусыз талаптар бойынша, егер Қағидалардың осы бабында өзгеше көзделмесе (бұл ретте Мәміле тарапымен – Сатып алушымен даусыз талаптарға тауарды алдын ала төлеуді көздейтін, сатып алу-сату шарттары бойынша тауарды төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың/отыз күнтізбелік күннен астам кідіріспен уақтылы орындамаудың расталған фактілері жатады.

6) Қағидаларда көзделген өзге жағдайларда.

65.2.2. Мәміле тарапының - Сатушының биржалық қамтамасыз етуі бұғатталады және Мәміле тарапына - Сатып алушыға аударылады:

1) Биржалық төреліктің Мәміле тарапының - Сатушының биржалық қамтамасыз ету сомасын Мәміле тарапына - Сатып алушының пайдасына өндіріп алу туралы шешімі бойынша.

2) Соттың Мәміле тарапының - Сатушының биржалық қамтамасыз ету сомасын Мәміле тарапының - Сатып алушының пайдасына өндіріп алу туралы шешіміне сәйкес.

3) Мәміле тарапының – Сатып алушының Мәміле тарапына – Сатып алушыға тұрақсыздық айыбын оның биржалық қамтамасыз ету сомасы есебінен төлеу туралы даусыз талаптары бойынша, егер Қағидалардың осы бабында өзгеше көзделмесе (бұл ретте даусыз талаптарға Мәміле тарапымен - Сатушымен тауарды алдын ала жеткізумен, сатып алу-сату шарттары бойынша тауарды жеткізу бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың/отыз күнтізбелік күннен астам кідіріспен уақтылы орындамаудың расталған фактілері жатады).

4) Қағидаларда көзделген өзге жағдайларда.

65.2.3. Мәміле тарапының – Сатып алушының немесе Мәміле тарапының – Сатушының биржалық қамтамасыз етуі бұғаттан шығарылады және Клирингтік орталықпен Мәміле тараптарына қайтарылады:

1) Клирингтік орталықпен екі Мәміле тарапынан контрагенттің биржалық қамтамасыз ету сомасын бұғаттан шығару және бір біріне наразылықтардың жоқтығы туралы хаттар алынған жағдайда – аталған құжаттардың толық пакеті алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде.

2) Егер де Мәміле тарапы – Сатып алушы тауарды төлеу бойынша өз міндеттемелерін толықтай орындаған және Клирингтік орталыққа тауарды толық төлеуді растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда (сатып алу-сату шартының көшірмесі, тауарды төлеуді растайтын төлем құжаттарының көшірмесі, тараптар арасындағы хат алмасу. Бұл ретте Клирингтік орталық салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқаларына сұрау салуға құқылы), – құжаттардың толық пакеті алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде.

3) Егер де Мәміле тарапы – Сатушы тауарды жеткізу бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған және Клирингтік орталыққа тауарды толық жеткізуді растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда (сатып алу-сату шартының көшірмесі, жеткізу құжаттарының көшірмесі (тауарды жөнелтуге дайындықты растайтын құжаттар, жөнелтім құжаттары, тауарды қабылдау-тапсыру актілері және жеткізуді растайтын басқа да құжаттар), тараптар арасындағы хат алмасу. Бұл ретте Клирингтік орталық салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқаларына сұрау салуға құқылы), – құжаттардың толық пакеті алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде.

4) Қағидаларда көзделген өзге жағдайларда.

65.3. Клиринг қағидаларының осы бабында көзделген биржалық қамтамасыз етуді аударудың барлық жағдайларында, зардап шеккен Мәміле тарапы Клирингтік орталыпен өзіне тұрақсыздық айыбы ретінде кінәлі Мәміле тарапының биржалық қамтамасыз етудің барлық сомасын емес, тек қана оның бөлігін аударуды өзі келіскен жағдайды қоспағанда, биржалық қамтамасыз етудің барлық сомасы бұтталлады және аударылады.

65.4. Клирингтік орталыққа Мәміле тарапының – Сатушының/Сатып алушының тұрақсыздық айыбы ретінде биржалық қамтамасыз етуді өндіріп алу туралы талабының даусыздығын айқындауға қиын болған жағдайларда, Клирингтік орталық биржалық қамтамасыз етуді ұстап қалудан жазбаша түрде бас тартуға және Мәміле тараптарына аталған мәселе бойынша Биржалық төрелікке (сот органдарына) жүгінуге ұсыныс беруге құқылы.

**УТВЕРЖДЕНЫ**  
Решением Общего собрания  
участников  
ТОО «Клиринговый центр ЕТС»,  
протокол № 4 от «17» ноября 2010г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 5 от 28.04.2011 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол №6 от 18.07.2011 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол №13 от 15.06.2012 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол №14 от 07.09.2012 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол №15 от 05.10.2012 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 19 от 25.06.2013 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 20 от 27.12.2013 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 22 от 17.03.2014 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 23 от 19.08.2014 г.  
Протокол № 24 от 29.09.2014 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 25 от 18.03.2015 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 26 от 30.04.2015 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 30 от 16.02.2016 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 32 от 23.09.2016 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 41 от 11.07.2017 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 54 от 29.01.2019 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 64 от 04.10.2019 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 84 от 18.11.2021 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 92 от 19.09.2022 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 122 от 08.11.2024 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 8 от 16.04.2025 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 15 от 23.06.2025 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 28 от 03.12.2025 г.  
с учетом изменений и дополнений  
Протокол № 50 от 03.06.2026 г.

**ПРАВИЛА КЛИРИНГА**  
**Товарищества с ограниченной ответственностью**  
**«Клиринговый центр ЕТС»**

**г. Алматы**

## РАЗДЕЛ I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

